

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## «Кішкентай достарымыз»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
06.01.2021СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/88344/

Жаңаөзен қалалық білім бөлімі

«Рахат бөбекжай-бақшасы»

жедел басқару құқығындағы

МКҚК тәрбиешісі

**Гожыкова Клара****Білім беру саласы:** Таным, Әлеумет**Бөлімі:** Жаратылыстану**Тақырыбы:** «Кішкентай достарымыз»

**Мақсаты:** адамдардың қамқорлығында өмір сүріп жатқан жануарлар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Үй жануарларына күтім жасай білу дағдыларын; тәжірибе жұмыстарына қызығушылықтарын, нысандарды салыстыра білуін дамыту. «Жануарларға қамқор болу керек» деген көзқарастарын қалыптастыру. **Сабаққа дайындық жұмыстары:** әңгіме жүргізу; суреттер мен фотосуреттерді қарау; бейнетаспалар мен слайдтарды көру, үнтаспаларды тыңдау; жұмбақтар шешу, қарапайым тәжірибе және зерттеу жұмыстары, зерттеу мақсатындағы серуендерге шығу, тақпақтар жаттау.

**Көрнекі құралдар:** тақырыпқа байланысты суреттер, әліппе-дәптер, түрлі түсті қарындаштар, интерактивті құрал, таспалар.

**Сөздік жұмыс:** мысық, ит, жүн, мұрты.**Билингвалды компонент:** мысық – кошка

Әрекеттер кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
------------------	------------------------	-----------------------

<b>Мотивациялық қозғаушы</b>	Педагог балалардың жұмыс істеуіне эмоционалдық көңіл күй қалыптастырады. Сұрақтар: Осы аталған жануарлардың қайсысы үй жануары, ал қайсысы жабайы жануарлар? Жануарлардың барлығы адам жанында тіршілік ете ме? Оларды қалай күтесіңдер? Сұрақтарға жауап алу арқылы ҰОҚ-ның тақырыбын және мақсатын болжамдап тапқызады. – Бүгін біз үйде асырайтын жануарлар – мысық пен ит туралы әңгіме жүргіземіз. Оларды қалай күтіп-баптау қажеттігін айтамыз.	Қайсысы нені жақсы көреді? – Күшіктер нені жақсы көреді? – Ет. – Көжектер нені жақсы көреді? – Жасыл, дәмді орамжапырақты жақсы көреді. – Марғаулар ше? – Сүт. – Ал қонжықтар ше? – Бал. – Балапандар нені жақсы көреді? – Тары. Үй және жабайы жануарларды атайды: Күшік, көжек, марғау – үй жануарлары. Қонжық, көжек – жабайы жануарлар. Кімнің үйінде қандай жануар бар екенін айтады.
<b>Ізденуші ұйымдастыру</b>	Балалардың назарларын әліппедәптердегі суретке аударады: сурет бойынша сұрақтар қояды. Балалардың жауаптарын тыңдайды, толықтырады. Педагог мысық туралы ақпарат береді: Мысықтың есту қабілеті өте жақсы. Ол өте әлсіз дыбысты ести алады. Сонан соң құлағын антенна сияқты көтеріп, дыбыстың тура қайдан естілгенін дәл табады. Мысық – жыртқыш. Өйткені ол тышқанмен қоректенеді. Мысық өте жақсы көреді. Оның мұрты да өте сезімтал. Мұртының арқасында түнде ешқандай затқа соқтықпай емін-еркін жүре алады. Мысық тазалықты жақсы көреді. Аяғымен үсті-басын сүртіп, өзінің иісін кетіріп тастайды. Жағдаят шешу: – Балалар, сендер мысықтың тілін түсінесіңдер ме? «Мысықты сал» ойыны. Мысық сияқты жүреді, жуынады, мияулайды. Педагог мысық туралы ақпарат береді: Ит – адамның досы. Ит шопандарға мал бағуға көмектеседі. Малды қайырады. Көзі көрмейтін адамдарға жол көрсетеді. Өрт сөндіруші иттер бар. Өрт ішінде қалған адамдарды құтқарады. Қауіпті қылмыскерлерді ұстауға да көмектеседі. Зерттеу жұмысы: ит пен мысықтың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу. Қимыл-қозғалыс ойыны. Өзекті сұрақтар: асыранды үй жануарларына қалай қарау керек? Егер үй жануарын күтіп-баптама, не болады? «Көңілді және мұңлы жануарлар» ойыны. (Педагог балаларды екі топқа бөледі). Сергіту сәті. «Үй жануарларын қоректендіреміз» (әліппедәптердегі тапсырмаларды орындайды). Үй жануарлары қандай ойындарды ойнағанды жақсы көреді? «Тағы не?» ойыны: атын атайды. Тағы бір нұсқасы: «Менің достарым» ойыны: балаларға суреттер таратады. Олар суреттегі жануардың атын атайды.	Сұрақтарға жауап береді, өздерінің пікірлерін айтады, сонымен қатар үйде тотықұс, атжалман, көжек, аквариумда балық ұстауға болатынын айтады. Мысық түрлері туралы бейнетаспа немесе слайдтар көреді. Мысалы: абиссин, британ, тай, сиам мысықтары. Болжамдап айтады: Мысық пырылдайды. Бұл мысықтың көңіл күйі жақсы дегенді білдіреді. Мысық мияулайды. Бұл мысықтың бір нәрсе сұрағанын немес адаммен амандасқанын білдіреді. Мысық аяқтарын бір-біріне сүйкелейді. Бұл рақмет айтқаны немесе бір нәрсе сұрағаны. Үм-ишарамен мысықтың қимылқозғалысын салады, мияулап дауысын салады. Суреттер мен слайдтарды көреді.
<b>Рефлексті түзетуші</b>	Педагог қорытынды жасайды. Рефлексия: рефлексиянің әдістерінің бір тәсілін қолданады: Балалардың ҰОҚ-да қаншалықты өсіп жетілгендерін көру: · отырып, тұрып, созылып. · Үм-ишарамен көрсету: Міне, тамаша! Қол шапалақтаңдар! Аяқтарыңмен топылдатыңдар!	ҰОҚ барысында алған танымдық ақпараттарымен бөліседі.

## Күтілетін нәтиже:

**айтады:** үйде асырайтын жануарлардың аттарын;

**түсінеді:** асыраған жануарларды қамқорлыққа алу қажеттігін;

**қолданады:** үй жануарларын күтіп-баптау дағдыларын өмірлік тәжірибеде.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.